



## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### Іскерлік белсенділік жақсарды: сауда, қызмет және өндіріс салаларында өсім бар

2025 жылғы шілдедегі іскерлік белсенділік туралы  
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры  
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі


Астана қ.

2025 жыл, 4 тамыз

2025 жылғы **шілдеде** іскерлік белсенділік **51,6** (маусымда 50,7) болып, біршама жақсарды.

Саудада, қызмет көрсету секторында және өндірісте белсенділік жақсарды. Мұнда индикаторлар тиісінше **53,0**, **52,4** және **51,7** (маусымда – 51,6, 51,4 және 51,5) құрап, оң өсім көрсетті. Құрылыста және тау-кен өндіру өнеркәсібінде динамиканың жақсаруына қарамастан, іскерлік белсенділік **47,3** және **48,4** (маусымда – 45,0 және 47,8) болып, төмендеу аясында қалды.

1-график. Іскерлік белсенділік динамикасының индексі (ІБИ)\*



\* Көрсеткіш мәні 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты алшақ (жоғары немесе төмен бағытта) болса, көрсеткіштің өсу қарқыны (артуы немесе кемуі) соғұрлым жоғары болады.

2025 жылғы шілдеде **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** болашақ жағдайларға қатысты оптимизмнің жақсаруы есебінен **11,7 болып**, біршама көтерілді. Қазіргі жағдайды бағалау көрсеткішінің төмендегеніне қарамастан, бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аймағында қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өніміне/көрсетілетін қызметіне деген сұраныстың өсу қарқыны үздіксіз баяулап келеді. Ал қызмет көрсету секторында төмендеу байқалады. Ең жоғары сұраныс – өндіріс секторында.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)